ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
№1 ХАТТАМА

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

Педагогикалық кеңес

№1-хаттама

28.08. 2020-жыл Қатысқандар саны: 9.

Тақырыбы: «Балабақша –болашақ білімді ұрпқтың кепілі».

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесін бекіту туралы. Меңгеруші-С.Әзімова.

2. «Педаготармен инновациялық жұмыс түрін ұйымдастыру-бүгнгі күннің талабы.» .Баяндама.

Баяндамашы-Г.Ганиева.

3. Тәрбиешілердың шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы. Меңгеруші- С.Д.Әзімова.

4. Психологиялық тренинг туралы. Психолог- А.Бекахметова.

5. Ішкі еңбек тәртібі туралы. Меңгеруші-С.Әзімова.

6. Түрлі мәселелер. Мониторинг ,келісім-шарты . Меңгеруші.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде педагог – тәрбиешілерді 2020-2021 жаңа оқу жылымен құттықтап ,еңбектеріне табыс ,отбасыларына амандық ,жаңа оқу жылында толағай табыстарға жете берулеріне тілек білдірді.Және балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметтерінің сабақ кестелерін талқылап,бекітуіміз керек -,деді . Сабақ кестесінде айтарлықтай өгерістер жоқ.

Сөйлегендер:

О.Жылқайдарова ,тәрбиеші: Сейсенкүл апайдың айтқан тілектеріне рахмет айтамын. Жаңа оқу жылы құтты болсын,барлықтарыңызға шығармашылық табыстар тілеймін.Бала-біздің болашағымыз,бала-біздің мерейіміз.Тәрбие мен білім-егіз ұғым .балаларымызды елін,жерін сүйетін патриот етіп тәрбиелей берейік. Аман-есен өсе берсін дегім келеді.

2. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Г.Ганиева сөз сөйледі. Ол өз сөзінде баяндама оқыды.

-«Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты-оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөсіз түсінікті.Сондықтан ғылыми –техникалық прогресстен қалыспай ,жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап ,өңдеп,нәтижелі пайдалана білу—әрбір педагогтіңнегізгі міндеті болып табылады» деп баяндама оқыды.

Сөйлегендер:

К.Махаева,тәрбиеші: Маған әдіскер Г.Ганиеваның жасаған баяндамасы ұнады.Баяндамадан әлемдегі озық технологиядардың пайдалы жақтары кеңінен түсінікті етіп айтылды.. Қазіргі оқыту

саласында заманның дамуына қарай ілгерілеу бар,сондықтан әрбір педагог көштен қалып қоймай ,жан-жақты ізденіп,өз білімін жетілдіріп отыруы тиіс.

3.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде жылдағы дәстүр бойынша тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекітіп берді.

1. «Жобалау әдісі» - С.Әзімова

2. «Қимылды ойындар » -А.Шадиева.

3. «Ертегі терапиясы» -К.Махаева.

4. «ТРИЗ»технологиясы. -О.Жылқайдарова

5 «Салауатты өмір салты-дені сау ұрпақ кепілі» -А.Шадиева.

6. «Денсаулық»технологиясы. К.Махаева

4.Тыңдалды. Балабақша психологі А.Бекахметова сөз алды. Ол тәрбиешілермен психологиялық тренинг өткізді.

Сөйлегендер:

А.Амангалиева ,тәрбиеші- Маған психолог Айжамал апайдың тренингі қатты ұнады. Бұл тренинг менің жүйкемді тыныштандырып,көңіл-күйім жақсарып қалды,рахмет Айжамал апайға.

5. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде балабақшаның ішкі тәртібіне тоқталды.

-Құрметті әріптестер, әрбір мекеменің өздерінің ішкі тәртіп ережелері болады. Бұл ережелерге меңгеруші қол қойып,мөрімен бекітеді. Ішкі тәртіпті бұзған қызметкерлерге ҚР Еңдек Кодексі бойынша тәртіптік жаза қолданылады. Ол туралы Еңбек Кодексінің 63,64,65,66-баптарында жазылған. Біздің мекеменің де бекітілген ішкі тәртібі бар .Таңертең сағ. 8-де жұмысқа кешікпей келу. 18,30-19-да жұмыстан үйге қайту. Түскі 13-14 сағат аралығында 1 сағат үзіліс беріледі. Балабақшаның аумағынан басшының рұқсататынсыз кетіп қалуға болмайды. Жатын бөлмедегі ұйықтап жатқан балаларды тастап кетуге болмайды. Смартфон телефонды тек сабақ уақытында тәрбиешілер қолданады,қалған уақытта сөйлесуге рұқсат жоқ. Балабақша мүлкін ұқыпты ұстау қажет. Егер сынса, шығынды өтейсіздер, ол да Еңбек заңында айтылған.Әрбір іс-әрекеттпен тәртіп бұзғаны үшін қызметкерге бір тәртіптік жаза қолданылатынын ескертемін. Мысалы,таңертең кешігіп келсе,-ескерту.сабақ жоспарын жазбай келсе-сөгіс,рұқсатсыз топты немесе мекемені тастап шығып кетсе-қатаң сөгіс берілумен қатар жұмыстан шығарылады,-деді меңгеруші. Ал ата-аналар мен оның балаларына дөрекілік көрсетіп,немесе ұрып,соққа және сол тәрбиешінің үстінен шағым түссе ,тәртібін қарап,жұмыстан шығаруға және еңбек кітапшасына еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасымен бұзу,тоқтату,туралы шешім қабылданады. Сондықтан міндетті түрде ішкі тәртіпті бұлжытпай орындап жүру-әрбір қызметкердің міндеті.Әрбір жұымысты аса үлкен жауапкершілікпен атқарыныздар деймін. Істріңізге сәттілік,шығармашылық табыстар тілеймін,-деді.

Сөйлегендер:

А.Амангалиева ,тәрбиеші: Құрметті әріптестер,бәріміз бала-шағамызға сәлде болса пайдамыз тисін деп ,жұмысқа кіргенбіз. Әрқайысымыз саналы түрде жұмысқа кешікпей келіп, лауазымдық міндетімызді үлкен жауапкершілікпен атқарсақ дейміз. Сондықтан ішкі тәртіп бәрімізге қатысты,жұмыстың сапасы артып,бала көбейсін десек,жұмысты тиянақты істеу керекпіз ,-деді.

6.Тыңдалды Түрлі мәселе бойынша әдіскер Г.Ганиева сөз сөйледі. –Құрметті әіптестер ,жаңартылған бағдарлама бойынша бойынша балалардың білім мен біліктілік деңгейін анықтауға бастапқы ,аралық,қорытынды мониторингтер түзу керекпіз Алдағы қыркүйек айының ішінде бастапқы мониторингті түзіп,3 деңгей(1-деңгей,2-деңгей,3-деңгей) бойынша бағалау жүргізіңіздер ,-деді. Келесі мәселе,ата-аналардың келісім-шарты. Келісім шарт- бұл балабақшаның маңызды құжаттарының бірі. Бала балабақша смартнейшн порталына тіркелген күннен бастап,ата-анасы келісім –шартқа қол қою крек. Ата-анадан басқа баланы қамқоршылыққа алған заңды тұлға қол қоя алады.

Сөйлегендер:

А.Амангалиева,тәрбиеші; - біздің тәрбиелік жұмысымыздың маңызды бөлігі ата-аналармен жылы қарым-қатынас,байланыс жасау. Ата-ана баласының тәрбиесіне,өміріне немқұрайды қарамай,белсене ат салысып жүруі керек деп ойлаймын. Біз де коммуникативті болуымыз керек .

Шешім:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу-қызметтерінің сабақ кестелері бекітілсін.

2.Әдіскер Г.Ганиеваның жасаған баяндамасына қанағаттанарлық деген баға берілсін және хаттамаға тігілсін.

3. .Тәрбиешілердің тақырыптық-шығармашылық жұмыстары бекітілсін.

4. Психолог А.Бекахметова психологиялық тренингіне қанағаттанарлық деген баға берілсін және хаттамаға тігілсін.

5. Балабақша қызметкерлеріне арналған лауазымдық міндеттері және ішкі тәртіп ережелері туралы меңгерушінің бұйрықтарымен ресімделген ережелері көрнекі жерге ілінсін.

6. Балаларға арналған бастапқы мониторинг жүргізілсін.Мерзімі: 18.09.2020ж.

Кеңес төрайымы С.Әзімова

Хатшы Г.Ганиева

28.09.2020ж

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№2 ХАТТАМА

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

Педагогикалық кеңес.

№2-хаттама

28.11.2020ж. Қатысқандар саны: 9.

Тақырыбы: «Әрбір бала жұлдыздай .Жарқырауға көмек бер!»

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші-С.Әзімова.

2. «Дені сау шымыр,көңіл-күйі жайдары балаларды тәрбиелеу» Баяндама туралы. Баяндамшы-Г.Ганиева.

3. Сөйлеуді дамыту мен бейнелеу жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізуде пайдаланылатынкөрнекіліктер»туралы. Көрме. Әдіскер Г.Ганиева.

4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау туралы. Меңгеруші- С.Әзімова.

5. «Бақылау және Басқару».Тақырыптық бақылау туралы. Меңгеруші- С.Әзімова..

6. Психологиялық тренинг туралы. Психолог- А.Бекахметова.

1.Тыңдалды. Балабақаша меңгерушісі Әзімова Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі.А) Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталды.Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестелері бекітілді.

Ә) Тәрбиешілерге тақырыптық щығармашылық жұмыстары бекітіліп берілді. Ішкі тәртіп ережелері

Көрнекі жерге ілінді.Балаларға арналған бастапқы мониторинг жүргізілді.

Балабақша қызметкерлеріне арналған лауазымдық міндеттері және ішкі тәртіп ережелері көрнекі жерге ілінді,қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиева «Дені сау,шымыр,каөңіл-күйі жайдары балаларды тәрбилейміз» атты баяндама оқыды.

Сөйлегендер :Махаева Кенжегул: Әдіскер Гүлжамал апайдың баяндамасын мұқият тыңдадым,жақсы жасалған.

Дені сау,Шымыр болып өскен бала-білімді ұрпақ болып шығатынына сенемін.Көп рахмет, Гүлжамал апай.

3.Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиевасөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2020-жылдың25-қазан күні тәрбиешілердің күшімен сөйлеуді дамыту мен бейнелеу жұмыстарын байланыстыра отырыпжүргізуде өтетін көрнекіліктер көрмесі болып өткені туралы айтты, «Алтын адам »,

«Тәуелсіздік-тұғырым», «Ормандағы Марал» атты жұмыстар бисермен тоқылған . «Жазғы жайлау», «Сары балапан» атты суреттер жүннен ,мақтадан жасалған,ал қалдық заттардан үй-жихаздаорын жасаған.Тәрбиешілердің барлықжұмыстарына 5деген баға беріледі ,-деді әдіскер.

4. Тыңдалды. Балабқша әдіскері Г.Ганиевасөз сөйледі. Ол сөзінде ашық ұйымдастырылған

оқу қызметіне тоқталды.2020-жылыдың 22-қазан кіні «Балапан » кіші тобында «Жемістер мен көкөністер » атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті.Тәрбиеші- Шадиева Айжамал .

Тәрбиеші балаларды жартылай шеңберге тұрғызып жылулық шеңберін орындатты. «Біздің бақшамыздың аты не екен» деп сұрады.Балалар жауап бермеді.Жемістердің суретін көрстті. Келесі сәтте көкөністердің суретін көрсетті. Балаларға айтқызды.-Бұлар қайда өседі деп сұрады.Жерде деп жауап берді. Жетістігі: Сабақты қызықсыз,бір сарында өтті.Жетістігі жоқ.

Кемшілігі: Атрибуттары жоқ ,балалармен сұрақ-жауап кезінде ситуациядан шыға алмай балаларды шашыратып алды. Тілдік жаттығу жасау керек еді. Тәрбиеші К.Махаева 3(орта) деген баға беріледі ,-деді. Тәрбиешіге әдістемелік көмек көрсетілді деді әдіскер.

5.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз сөйледі. «Аяулым» бөбекжай балабақашасының «Айгөлек» ортаңғы тобында тәрбиеші Жылқайдарова Оразкүл ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуімен «Бейнелеу » сурет салу оқу қызметі болып өтті.Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтарым». Тәрбиеші сабақтың мақсаты мен міндеттерін жоспарына дұрыс жазған . Жоспарда «балалардың тілін дамыта отырып ,балаларға сурет салудың әдіс-тәсілдерін үйрту.деп жазған.. Сабақ барысында тәрбиеші балаларды жылулық шңберге тұрғызып,тақырыпқа сай ән айтқызды. Келесі сәтте жартылай шеңбер етіп отырғызып,топтағы ойыншықтармен таныстырды. Тәрбиешінің соңынан балалардың барлығы бірге қайталады. «Мынау қандай ойыншық» -деп сұраған кезде балалар «доп,велосипед» деп жауап берді. Тәрбиеші балаларды «Шығармашылық орталыққа апарып,қаламсапты ,қылқаламды оң қолға ұстап,қолдарының икемділілігне жаттығу жасатты,кішкене нүктеден бастап,қылқаламды дөңгелектей отырып,дөңгелекті өз осімен дөңгелектете бояу керектігін ,доп бейнесін асықпай байқап қарауды үйретті, ұқыптылыққа баулып отырды. Осылайша, дөңгелек доп бейнесі пайда болатынын түсіндірді. Сондай- ақ велосипедтің дөңгелектерін де алдымен қаламмен дөңгелекті сыза отырып,қара түспен дөңгелекті бояу,дөңгелек сыртына дөңгелекті жағып жібермей ұқыптылықпен бояу әдісін түсіндіре білді. Сергіту сәтінде балалар ойыншық туралы әнді хормен орындады.

Балалар допты,велосипедті қызыға бояды. Тәрбиеші балалардың жұмысына кезек-кезек тоқталып,оларды мақтап,мадақтады.

Жетістігі: Балалардың тілдерін жаттықтырды.Тақырыпқа сәйкес «ойыншығым менің » атты әнді балалар жақсы айтты. Сурет салу әдісін өте жақсы үйретті.

Кемшілігі:Көптеген балалар тапсырманы аяғына дейін бітіре алмай қалды. Тәрбиеші күннің 2-жартысында жалғастырамыз деп жауап берді. Қорытындылай келе,тәрбиеші Жылқайдарова Оразкүл 5(өте жақсы)деген баға беріледі ,-деді меңгеруші.

Жарыссөзге шыққандар:

Тәжібаева Әлия.: -Тәрбиеші Жылқайдарова Оразкүл шынымен де оқу –әдістемелік жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра білді. Маған тәрбиешінің балаларды баурап алар жағымды даусы мен қызықты әдіс-тәсілдері ұнады .

15 минут ішінде барлық бала тәртіпті болып отырды және сабаққа белсене қатысты.

Жылқайдарова Оразкүл,тәрбиеші: Мен Сейсенкүл апайдың айтқан сөдеріне толықтай қосыламын.Әлі тәжірибеміз аз. Келесі жолы барлық іс-тәжірибелерім мен әдіс-тәсілді кеңінен қамтып,стандарт бойынша сабақ өтуге бар күшімді саламын,-деді тәрбиеші.

6.Тыңдалды.Балабақшаның психологі Бекахметова Айжамал педегогтармен тренинг өткізді.Тренинг тақырыбы: «Жадырайық жайнайық,жылы лебізді болайық»

Тренинг тақырыптары.

1. «Сиқырлы қобдиша жаттығуы».

2. «Мен сізден үйренемін» жаттығуы.

3. «Ерекше орамал» жаттығуы.

4. «Би терапиясы».

Тәрбиешілер қызыға қатысты.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Әдіскер Г.Ганиева баяндамасы хаттамаға тігілсін.

3. Тәрбиешілердің ұйымдастырған көрмесіне қанағаттанарлық деген баға берілсін.

4. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әреркетін тәрбиеші К.Махаева 3(орта) деген баға берілсін.

5. « Бақылау және Басқару» бойынша тақырыптық тексеруде ұйымдастырылған оқу-іс әрекет өткізген тәрбиеші О.Жылқайдарова 4(жақсы) деген баға берілсін.

6,. Психологиялық тренинг өткізген Бекахметова Айжамал 4(жақсы) деген баға берілсін және құжаттары хаттамаға тігілсін.

Кеңес төрайымы С.Әзімова.

Хатшы Г.Ганиева

28.11.2020 жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№3 ХАТТАМА

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

Педагогикалық кеңес

№3-хаттама

28.01.2021.ж. Қатысқандар саны:9

Тақырыбы «Тәні саудың-дені сау»

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші С.Әзімова.

2. «Дені сау баланы қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы»туралы .Баяндама. (Медбике Н.Абдразақова)

3.Бейнелеуге үйретудегі қолданылатын технологиялық әдістер(пікір алмасу)туралы. Әдіскер.Г.Ганиева.

4.Ашық оқу қызметтерін талдау туралы. Меңгеруші.С.Әзімова

5.Бақылау және Басқару туралы. Меңгеруші.С.Әзімова

6. Іскер ойын.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Әзімова Сейсенкүл Досанқызы сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды. Әдіскер Г.Ганиеваның жасаған баяндамасы хаттамаға тігілді. «Бақылау және Басқару» бойынша бақылаудан өткен тәрбиеші Жылқайдарова Оразкүл жіберілген кемшіліктер бойынша жұмыстар атқарды.Психолог А.Бекахметованың жасаған психологиялық тренингі хаттамаға тігілді. Ашық сабақ өткізген А.Шадиева жіберген кемшіліктерді жою мақсатында қайта сабақ өтті.

2. Тыңдалды. Балабақша медбикесі Н.Абдразақова «Дені сау баланы қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысанын ұйымдастыру сапасы. » ьақырыбында баяндама жасады.

Сөйлегендер:

Айгерім Амангалиева ,тәрбиеші: -Маған мед.биекенің жасаған баяндамасы ұнады. Расында тәні сау бала –дені сау болып өседі.Әсіресе ,Күн режимін бұзбай ,үнемі денелерін шынықтырып отырсақ ,балаға бос уақытында түрлі ойындар ұйымдастырсақ, онда бала міндетті түрде тұрақты режимге үйренері сөсз.Мен баяндама жақсы жасалған деп айта аламын.

3 Тыңдалды. Балабақша әдісері Г.Ганиева тәрбиешілермен «балаларды бейнелеуге үйретудегі қолданылатын әдістер » туралы пікір аламсуға сұхбат ұйымдастырыды. Барлық тіәрбиешілер ТРИЗ технологиясына тоқталды. Мысалы,Жылқайдарова Оразкүл ақ қағаз бетіне желім жағып шығып,манка жармасын сеуіп, қыс мезгілін бейнелеуге болады деді. Ал,Кенжегүл Махаева «эстамп » әдісін, «жіпті бояуға батыру», «қаламсап түтікшесін бояуға батырып,қағаз бетіне шашыратып бүркуі» әдістерін айтып,жақсы мағлумат берді.

4.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде 2020 –жылдың қаңтар айында барлық топтарға ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері жоспарланған еді.

2021жылдың 18-қаңтар күні «Балапан» кіші тобында «Дүкенге саяхат » атты мақсатты серуен болып өтті.Тәрбиеші—Шадиева Айжамал

Ойын бөлмесі тақырыпқа сай безендірілген.Дүкен макетін пайдаланған.

Дүкен сөрелерінде түрлі тұтынушы заттар ме ойыншықтар топтастырылған. Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып,жылулық шеңберін орындатты. «Дүкенге серуенге баргыларың келеді ме» деп сұрады. Сауықтыруға арналған түйме іздерімен жүргізді. Балаларды «дүкенге» алып барып,сатушымен ,заттармен таныстырды. Дүкенші балалардың көңілін ойыншықтарға аударды. Қатты және жұмсақ заттар туралы түсінік беріп,сергітіусәтін ұйымдастырды. Топқа келген соң серуенді қорытындылап ,балаларрды мақтап,мадақтады.

Кемшілігі: серуенге арналған көрнекіліктері көп,сапасы жақсы.

Кемшілігі: Балалармен тілдік-сөздік жұмыс орындаған жоқ. тақпақтар,ән айтқызу керек еді.

Қорыта келе безендіруіне -4,оқу қызметіне-3(орта) деген баға берілсін. Тәрбиешіге әдістемелік көмек көрсетілді.

-2021-жылдың 22-қаңтар күні «Балауса» ересек тобында «Таным», «Құрастыру» білім саласы бойынша «Әсем мұнаралар» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Тәрбиеші-Амангалиева Айгерім. Тәрбиеші балаларғаа жылулық шеңбер жасатты. Айзада деген бүлдіршін қыз топқа кешігіп келді. «Сен Айзада ,сен неге кешігіп жүрсің» деген сұраққа «Мен анашыммен бірге Астанаға барып қайттым» де жауап берді. Тәрбиеші-Астанада не көрдің .,-«Бәйтерек», «Ақ Орда», «Ханшатыр» .Осылайша тәрбиеші мотивациялық-ой-қозғаушы әрекет жасады. Келесі сәтте Тәрбиеші балаларды 3 топқа бөліп,1-топ-Мұнара,2-топ-көпір,3-топ-көпқабатты үй құрастырасыңдар ,-деді. Балалар 3топқа бөлініп,лего-құрастырғыштармен тапсырманы орындады.Сергіту сәтінда «Жау жаңбыр» әнін хормен айтты.

Жетістігі: Мотивациялық әрекет өте жақсы ұйымдастырылды. Балалар тапсырмаларды дұрыс орындады.Хор жақсы шықты.

Кемшілігі: Балалар өте қатты шулады. Тәрбиеші кейбір ситуациядан шыға алмады.

Балалар тақпақтарын толық айта аламады. Қорыта келе,Амангалиева Айгерімге 4(жақсы) деген баға беріледі.,-деді меңгеруші.

2021-жылдың 23-қаңтар күні «Айгөлек» ортаңғы тобында «Үй және жабайы жануарлар» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Тәрбиеші-Шадиева Айжамал.

Ойын бөлмесі тақырыпқа сай безендірілген . Тәрбиеші:-Қазір жылдың қай мезгілі?,-Қыс ,-деп балалар жауап берді. –Қыста қандай өзгерістер болады? –Қар жауады ,күн суытып аяз болады.

-Балалар, сендерді інжу әже қонаққа шақырып жатыр,барғыларың келеді ме ? Олай болса ,қазір жолда бізге түрлі жануарлар кездеседі ,алдымен олардың суреттерімен танысып алайық. Қазір мен тақтаның оң жағына үй жануарларын,ал сол жағына жабайы жануарларды орналастырамын.-Сендер қандай жануарлар екенін табыңдаршы?Тәрбиеші балаларға жануарлардың суреттерін көрсете бастады. Балалар дұрыс тапты және орыс тілінде қалай аталатынын да дұрыс айтты.Мінезі

Сөйлегендер:

Айжамал Бекахметова,тәрбиеші : -Маған бүгінгі ұйымдастырылған «Іскер ойын» ұнады. Әлі де болса білгеніміздің білмегеніміз көп деп ойлаймын.Келесі жолы әрбір іскер ойынға белсене қатысатын боламын.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Медбике Н.Абдразакова жасаған баяндамасы хаттамаға тігілсін.

3. Педагог –тәрбиешілердің «пікір алмасу » жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне:

1) Тәрбиеші А.Бекахметова 3(орта) деген баға берілсін.

2) Тәрбиеші О.Жылқайдарова 4(жақсы) деген баға берілсін.

3) Тәрбиеші А.Шадиева 4(жақсы) деген баға берілсін.

4) Орыс тілі пәні мұғалімі Л.Омаршаева 4(жақсы) деген баға берілсін.

5) Тәрбиеші К.Махаева 4(жақсы) деген баға берілсін.

5. «Бақылау және Басқару» тақырыбы бойынша «Мониторинг» есебінің қорытындысы хаттамаға тігілсін.

6. «Іскер ойын» өткізген әдіскер Г.Ганиева 4(жақсы) деген баға берілсін.

Кеңес төрайымы С.Әзімова.

Хатшы: Г.Ганиева.

28.01.2021 жыл.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№4 ХАТТАМА

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

Педагогикалық кеңес

№4-Хаттама

29.04.2021ж. Қатысқандар саны: 9

Тақырыбы : «Бала –біздің болашағымыз»

Күн тәртібінде :

1.Өткен кеңес шғешімдерінң орындалуы туралы.Меңгеруші С.Әзімова

2. «Бала өміріндегі ұлттық музыканың маңызы».Баяндама. Әдіскер Г.Ганиева

3. «Бақылау мен басқару». Серуен қалай ұйымдастырылуда (барлық топтарда).Тақырыптық тексеру туралы..Меңгеруші.

4.Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бекахметова

5. Іскер ойын. Әдіскер Г.Ганиева

6. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау,бағалау.Меңгеруші С.Әзімова

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова сөз сөйледі.

Ол өз сөзінде: Аралық мониторинг бойынша балалардың даму карталарын зерделей отырып топта балалармен жеке жұмыс жүргізілді. Психолог А.Бекахметованың баяндамасы хаттамаға тігілді.

2.Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиева сөз сөйледі . Ол «Бала өміріндегі ұлттық музыканың маңызы» атты баяндама оқыды.

Сөйлегендер :

К.Махаева,тәрбиеші- Баяндама жақсы жазылған . Расында,бүдіршіндерге жастайынан ұлттық музыканы тыңдатып , саналарына қабылдаса,ол балалар болашақта мейірімді,сезімтал,ізгі адам болып қалыптасатыны сөзсіз. Рахмет баяндаманызға.

3. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова сөз сөйледі.

Жылдық жоспарда белгіленген іс-шараның бірі –«Бақылау және басқару » . 2021-жылдың 28-наурыз күні «Серуен ұйымдастырылған қызметтің сапасы » атты барлық топтарда тексеру жүргізілді.

Серуеннің негізгі мақсаты: 1.Табиғат құбылыстарын бақылау.2. сюжеттік-рөлдік ойындар.3 Еркін ойындар ойнату.

1. «Балапан» ерте жас тобы (тәрбиеші-Тәжібаева Әлия.) және «Балбөбек» кіші тобы.(тәрбиеші Махаева К.) Екі топта да доппен ойын ойнатты. Еркетай балалары «қояным»ойынын ойнады.

Келесі сәтте тәрбиешілер балалардың көк аспанға ,ақ бұлттарға ,күннің шуағына назарларын аударды.Ал кіші топ тәрбиешісі «Қимылды-әуенді ойын ұйымдастырды. ». Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр». Балалар қызыға ойнады. Сондай –ақ, «Айгөлек» ортаңғы тобы және ересек топ тәрбиеленушілері де серуенге шығып, табиғат құбылыстарын(жел,күн, шапағы, ағаштар) бақылады. Ортаңғы топ тәрб.-А.Шадиева,ересек топ тәрб.-О.А.Жылқайдарова. Келесі сәтте екі топтың да балалары «Қуыршақтар театрын » тамашалады. Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Шадиева балаларды қатарға тұрғызып , «Әнұранды » айтқыза отырып ,саппен жүргізді.Балабақша ауласындағы орындыққа жайғастырып, «Үйшік» ертегісін рөлге бөліп ойнатты. Балалардың сөздік қоры дамыды.

Кемшіліктері : Балалардың тілдік-сөздікқоры мен танымдық қабілеттерін дамытуға көбірек жұмыс жүргізу керек. Сондай –ақ көрнекіліктер,мысалы,муляждар,қуыршақтар,құрсаулар көбірек болу керек.

Жетістігі: Серуенді 3 бөлімде ұйымдастыра білді.

Ұсыныс: оқу материалдарын сабақта кеңінен қолдану қолға алынсын.

Балалардың тілдік-сөздік қорын дамыту үшін ертегіні өздеріне айтқызып үйрету керек.

Барлық топ тәрбиешілеріне 4(жақсы) деген баға беріледі деді меңгеруші.

Сөйлегендер.

К.Махаева ,тәрбиеші: Сейсенкүл Әзімованың айтқанына толық қосыламыз. Мін айтылмай сын түзелмейді деген бар ғой. Алдағы уақытта ескеретін боламыз.

4.Тыңдалды. Балабақша психологі А.Бекахметова педагогтарға арнал , «Мен ғажаппын» психологиялық тренинг өткізді.Әрбір тәрбиеші 5-6 сөзден тұратын тренинг өткізді.Мысалы,тау,ағаш,үй,жол,сақина,-осы сөздерден тұратын сурет салу керек. Соңында,психолог тәрбиешілердің жұмыс-дәптерлерін жинап,келесі күні талдау жүргізетінін айтты.

5. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиева тәрбиешілермен «Іскер ойын» өткізді. Ойынның мақсаты: Сурет салу сабағында сурет салудың әдістерін 3-5 жас аралығындағы балаларға үйретудің жолдары туралы ойын жүргізді. Тәрбиешілерге түрлі қаламдар мен желімдер берілді.Алдарында жатқан үлгі суреттерді түрлі жолдармен : бояуға умаждалған қағазды малып,парақ бетіне батыру(оттиск). Монотипия ,картоп,сәбізден түрлі фигуралар жасап,бояуға батырып,ақ қағаз бетіне басу.Трафарет және т.б. әдістерді тәрбиешілер үйреніп шықты.Және алдағы ұқытта сабақ жоспарларына ендіретін болады.

Сөйлегендер:

Жылқайдарова Оразкүл ,тәрбиеші,-Бүгінгі «Іскер ойын» маған өте ұнады.Нәтижесінде сурет салудың техникасын,жалпы түрлі әдістерімен таныстық.Рахмет.

6.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде оқу барысында ұйымдастырылған ашық оқу қызметтеріне тоқталды.

2021-жылдың 23-сәуір күні «Айгөлек » ортаңғы тобында «Біз бақытты баламыз» атты тренинг ұйымдастырылды. Өткізген-психолог Бекахметова Айжамал. Бірінші ,балаларға жылулық шеңбер жасатты.Кенет сәбидің жылаған даусы естілді. Бір бүлдіршін үлкен қызыл жүректі (макет) топқа алып кіреді. Психолог-жүрек жылап жатыр екен,балалар.Жылама деп айтайықшы. Балалар: -Жүрек,біз сені жақсы көреміз,жылама. Келесі сәтте психолог балаларға түрлі түсті таяқшаларды түстеріне қарай топтастыруды ұсынды. Балалар топтастырды. «Пирамиданы жинаймыз» деді. Бір балақай кішіден үлкенге қарай дұрыс жинастырды. 2-бала үлкеннен кішіге қарай жинап,шатастырып алды.Бұл жерде баланың зейіні төмен екені байқалады. «Пішіндердің ұқсасын тап» ойынын ойнатты.

Жетістігі. Көрнекіліктері,материалдары тақырыпқа сай,ұсақ-қол моторикасын дамыту мақсатында көрініс тапқан.Балалармен құммен ойын жүргізді.

Кемшілігі: сабақ тақырыбын қара түспен жазған.көк немесе қызыл түсті қолданғанда балаға оң әсер ететіні анық. Балалардың зейіні төмен.

Ұсыныс:

-Балалардың S түйсігін дамытуға арналған сабақтарды көбірек өтіңіз деді меңгеруші.

Психолог А.Бекахметова -Рахмет апай,сыннан нәтиже шығаруға,көбірек сабақ өтуге тырысамын.

2021-жылдың 16-сәуір күні «Балбөбек»кіші тобында «Су-тіршілік көзі » атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі Тәрбиеші-К.Махаева . Тәрбиеші балаларға жылулық шеңберін орындатты.Балаларды жартылай шеңбер етіп отырғызып,сабақты бастады.Сабын ,су,шай,сүт,мұз ,бу туралы түсінік берді. Саяхатқа өзенге барып(ноутбук) арқылы сылдырап аққан суды көрсетеді.Судың қажеттілігін айтып берді және балаларға тақпақтар айтқызды.Топқа қайтып келіп су туралы эксперимент жасады. Балаларға қызықты болды. Келесі сәтте сергіту сәтін жасатты. Пойыз-пойыз ойынын ойнатты.Сұрақ-жауап жүргізіп ,сабақты қорытыныдылады. Балаларды мақтап,мадақтады. Жұлдызшалар тараттты.

Кемшілігі: Дене шынықтыру элементтерін қосу керек еді,соңында ақ параққа көк түсті бояуды қағаз бетіне бояту керек еді.

Жетістігі: Балалар тақпақтарын жақсы жаттаған. Тәрбиешіге 4 (жақсы) деген баға беріледі.

2021-жылдың 25-сәуір күні «Айгөлек» ортаңғы тобында ашық ҰОҚ болып өтті.Сабақтың тақырыбы: «Ара,ара,аралар» Тәрбиеші-А.Шадиева. Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып,жылылық шеңберін орындатты.Бөлме іші тақырыпқа сай безендірілген.

-Балалар ,қазір жылдың қай мезгілі ,-деп сұрады тәрбиеші.-Көктем деп жауап берді. Тосын сәт-топқа ызыңдап бір ара ұшып келеді.-Сәлеметсіндер ме балақайлар. Бал жинайын десем гүл жоқ. маған көмектесіңдерші. Тәрбиеші балаларды шығармашылық орталыққа апарып, алдын- ала үлестіріп қойған гүлдің суреттерін ТРИЗ технологиясы бойынша боятты. 1-топ-ТРИЗ,2-ТОП-ГҮЛ ҚҰРАСТЫРЫП, ЖАПСЫРДЫ,3-топ-гүлдерді бояды.Аяқтаған соң,орындарына отырады. Сергіту сәтін жасатты. ,логикалық ойын жүргізді. Рефлексивті-жөндеуші бөлімінде сұрақ-жауап жүргізіп, оқу қызметін қорытыныдылады. Балаларды мақтап-мадақтады.

Жетістігі: Топты тақырыпқа сай жақсы безендірген. ТРИЗтехнологиясын қолданды

.Кемшілігі: Оқу қызметіне дене шынықтыру элементтерін кіргізу керек еді.Баланың тілдік қорын дамытуға көбірек жаттығулар жүргізу керек еді.

Тәрбиеші Шадиева Айжамалға 4(жақсы) деген баға беріледі деді меңгеруші.

Сөйлегендер:

Кенжегүл Махаева, мен Шадиеваның оқу қызметіне кірдім.Балдары еркін жүрді,тәрбиешінің дауысы жағымды,балаларды бірден баурап алды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2 .Әдіскер Г.Ганиеваның баяндамасы хаттамаға тігілсін.

3. «Бақылау және басқарудың » қорытындысы бойынша барлық тәрбиешілерге 4(жақсы) деген баға берілсін.

4.Психолог А.Бекахметованың тренингі хаттамаға тігілсін.

5. Әдіскер Г.Ганиеваның «Іскер ойын»ды жоғары дәрежеде өткізгені үшін 5(өте жақсы) деген баға берілсін.

6 А) Ашық ҰОҚ өткізген тәрбиеші К.Махаева 4(жақсы) деген баға берілсін.

Б)Ортаңғы топта ашық ҰОҚ өткізген тәрбиеші А.Шадиева 4(жақсы) деген баға берілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы С.Әзімова.

Хатшы Г.Ганиева.

29.04.2021 жыл.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№5 ХАТТАМА

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

Педагогикалық кеңес

№5-Хаттама

22.05.2021-ж. Қатысқандар саны: 9.

Тақырыбы:«Дені сау ұрпақ-болашақ ұлт кепілі».

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңес шешімдерінің лрындалуы туралы. Меңгеруші С.Әзімова.

2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі туралы. Әдіскер Г.Ганиева.

3. Жаз мезгіліндегі іс-шаралар жоспары мен сабақ кекстелерін бекіту туралы. Меңгеруші - С.Әзімова.

4. Балалардың және тәрбиешілердің қорытынды мониторингі туралы. Меңгеруші С.Әзімова

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау туралы. Меңгеруші С.Әзімова.

6. Психологиялық тренинг туралы. Психолог А. Бекахметова.

1. Тыңдалды. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова сөз сөйледі. ӘдіскерГ.Ганиеваның жазған баяндамасы хаттамаға тігілді. Психолог А. Бекахметованың өткізген психотренинг материалдары хаттамаға тігілді. Тәрбиешілердің «Қазағымның салт-дәстүрлері атты жазған эсселері хаттамаға тігілді».

2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Г.Ганиева тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп берулеріне тоқталды. –Құрметті әріптестер, 2020-2021 оқу жылында қай тәрбиеші қандай тақырыпта қандай тақырыпта қандай ашық оқу қызметін өткізді? Я болмаса баспасөзге жариялады ма? Сол жөнінен есеп беріп өтейын.

1. «Ертегі терапиясы» .-Шадиева А.

2. «Жобалау технологиясы» -Жылқайдарова О.

3. «Денсаулық технологиясы» -Амангалиева А.

4. «ТРИЗ» технологиясы. –Махаева К.

5.« Баланы ұжымдасуға тәрбиелеудің жолдары».-Тәжібаева Ә.

6. «Театр және балабақша » -Ганиева Г.

7. «Бүлдіршіндерді салауатты өмір салтына дағдыландыру» -Шадиева А.

1. 2020-жылы 26 қазан күні «Балбөбек » кіші тобында ТРИЗ Технологиясын пайдалана отырып, «Шалқан » ертегісі бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Кітап шығаруға талпыныс жоқ .

2. 2019-жылы 30-мамыр күні меңгеруші Сейсенкүл Әзімова «Ең үздік басшы-2019» сайысына (облыстық) қатысып,3-орынға ие болып қайтты. 2012-жылы «2-сәбилер тобындағы қарапайым математика» атты әдістемелік нұсқаулық шығарды.Жетісай аудандық білім бөлімінің мдұ кеңесінде бекітілді. 2013-жылы осы балабақшада аудандық семинар болып,семинарда «Витаминдермен дос болайық» атты жобаны қорғап шығып, педагогтармен тәжірибе бөлісіп,жобаны осылай қорғауға болатынын дәлелдеген.

3. 2020-жылы 22-қаңтарда тәрбиеші Жылқайдарова Оразкүл «Балауса » Ересек тобында «Құмырсқа мен шегіртке » атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.Сондай ақ , «Әсем мұнаралар» атты оқу қызметін ұйымдастырды.

4. 2020-жылы желтоқсан айында тәрбиешілер эссе жазып,ең үздік эссе тәрбиеші Жылқайдарова Оразкүл болды. Сондай- ақ,Жылқайдарова Оразкүл 2015 –жылы Аудандық «Өркен » газетіне «Сиқырлы сандық» және «Жігіт сұлтаны-2015 » атты сайыс ұйымдастырғаны жөнінде газет бетіне жариялаған . Өкінішке орай оқу –әдістемелік құрал жазбаған. –Құрметті тәрбиешілер,3 жылды 1 рет бір тақырып бойынша ашық сбақтар,кітап,газет-журналдарға материал беріп,көпшіліктің талқысына салып,үлкен еңбектің нәтижесін,соңында жемісін көруге бағыттайтын және білімі мен біліктілігін арттыра түсетін бірден –бір басты талап ретінде қарауымыз керек.

Сөйлегендер:

Амангалиева Айгерім,тәрбиеші: -Құрметті әріптестер, Сейсенкүл апай ,айтқан сөздеріңіздің бәрі орынды. Алдағы уақытта әдістемелік құрал жазуға әрекет етеміз деп ,сіздерді сендіре аламын.

3.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Сейсенкүл Әзімова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде : -Құрметті тәрбиешілер! Тағы бір оқу жылын артқа қалдырып ,оқу жылын жақсы нәтижелермен аяқтадық. Тәрбиеленуші балаларымыз бойларына білім мен білікті сіңіріп,1 жасқа есейді. Сіздер де 1 жыл бойы аянбай еңбек етіп,енді жыл сайынғы еңбек демалысына шыққалы отырсыздар. Бірақ балабақша жұмысы,үдерісі тоқтамайды,тәрбие мен білім беру процесі жалғаса берері сөзсіз. 2018-2019оқу жылы аяқталып,жаз мезгілінің іс-шараларын үлкен жауапкершілікпен атқарамыз. Жазғы –сауықтыру шараларының мақсаты:Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту,танымдық,эмоциялық,жеке-тұлғалық даму үшін үлкендердің күшін біріктіру,қимыл-іс-әрекет белсенділігін ,тіл байлығын жетілдіру.Ойлап тапқыштық және қиялдау қабілеттерін дамыту. Сауықтыру-шынықтыру шараларын күнделікті ережеге сай орындау. : жалаң аяқ жүру,күн ваннасын қабылдау,Рига әдісі ,таза ауада серуендеу,Саяхат жасау,Табиғат аясында ойын түрлерін балалармен бірге өткізу. Тағам рационын Авитаминдендіріп, жеміс-жидек тер мен көкөністерді көптеп беру.Балалармен бірге жұмыс жүргізуге арналған тақырыптар төмендегідей:

1. «Көңілді аэробика!»(Шілде)ортаңғы топ.

2. «Бас қалам-Нұрсұлтан».(шілде) «Балауса » Ересек тобы. Тәрбиеші- Жылқайдарова Оразкүл

3. «Бақытты балалық шақ». «Балауса» Ересек тобы. (маусым) Тәрбиеші-Жылқайдарова Оразкүл

4. «Көңілді старт» (шілде) «Балбөбек»кіші топ.К.Махаева

5. «Ертегілер еліне саяхат» (шілде) кіші топ » -тәрбиеші – К.Махаева

6 . «Жеміс-жидектер тереміз»(Тамыз) «Балапан» ерте жас тобы. Тәрбиеші-Тәжібаева Ә.

7. «Үй жануарлары»(Тамыз) «Айгөлек» ортаңғы тобы. Психолог –А.Бекахметова

8. «Әр қашан күн сөнбесін!».(Тамыз) «Айгөлек» ортаңғы тобы. Психолог –А. Бекахметова.

4.Тыңдалды.Балабақша меңгерушісі С.Әзімова сөз алды. Ол өз сөзінде 2020-2021 оқу жылында балалар мен тәрбиешілердің мониторингі қандай деңгейде екенін айтып өтті.

«Денсаулық» Білім саласы.

1. «Балапан » ерте жас тобы – 1-деңгей-13,3, 20-деңгей-66,7, 3-деңгей- 23,0.

2. «Балауса» ортаңғы тобы. 1деңгей-20.0, 2-деңгей-45. 3-деңгей-35.

3 « Айгөлек» 1 кіші тобы. 1-деңгей-30., 2-деңгей 55., 3-деңгей-30.

4. «Балбөбек» 2 кіші тобы-1деңгей -20., 2-деңгей-2., 3-деңгей- 28

«Коммуникация»

1. «Балапан» ерте жас тобы-1-деңгей-73,3., 2-деңгей-20.,3-деңгей -6.7.

2. «Айгөлек» 1-кіші топ-1-деңгей-20.,2-деңгей-60., 3-деңгей- 20.

3. «Балбөбек » 2-кіші,1-деңгей-20.,2деңгей-64.,3-деңгей-20.

4. «Балауса»ортаңғы топ- 1-деңгей-4.,2дңгей- 48.,3деңгей-48.

«Танымдық» дағды

1. «Балапан»ерте жас тобы-1-деңгей-53.32-деңгей-53,3

2. «Айгөлек» 1-кіші топ-1деңгей-15.,2-деңгей-65.,3-деңгей-20.,

3. «Балбөбек» 2-кіші топ, 1-деңгей-0,2-деңгей-68.3деңгей-32.

4. «Балауса» ортаңғы тобы- 1деңгей-24.,2деңгей-52.3-деңгей-24.

«Шығармашылық»дағдылар

1. «Балапан ерте жас тобы-1-деңгей-жоқ., 2деңгей-86,7, 3деңгей-13,3

2. «Айгөлек» 1-кіші топ-1деңгей-0,2деңгей-80. 3деңгей-20.

3. «Балбөбек» 2-кіші топ-1деңгей- 0. 2деңгей-52,3деңгей- 48.

4. « Балауса» ортаңғы топ- 1-деңгей-20. 2деңгей-64.т 3деңгей-16.

1.«Балапан» ерте жас тобы-1деңгей-53,6. 2деңгей-40.3деңгей-6,7.

2.«Айгөлек» 1-кіші топ-1деңгей-53,2деңгей-40.3деңгей-6.7.

3. «Балбөбек» 2-кіші топ-1деңгей-0.2деңгей-92.3деңгей-8.

4. «Балауса»ортаңғы тобы. 1деңгей-32.2деңгей-64.3деңгей-4.

Тәрбиешілердың біліктілік деңгейі орта есеппен 2-деңгейдйі құрайды.

Тамыз айының №1-педагогткалық кеңесте атқарылғанжұмыстардың есебін кең түрде диаграмма арқылы,кемшіліктер мен жетістіктердыкеңінен талқылайтын боламыз.

5. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. -2020-жылдың 10-маусым айында кіші «Балбөбек » тобында «Бауырсақ » атты ашық ұйымдас тырылған оқу қызметі болып өтті.

Жетістігі: Көрнекіліктері эстетикалық талғаммен жаслған.

Кемшілігі: Балалармен тәрбиешінің арасындағы қарым – қатынас төмен .тәрбиеші К.Махаева көп ізденіп,тәжірибе жинақтау керек.

6.Тыңдалды. Балабақша психологі А.Бекахметова психологиялық тренинг өткізді.

Шешім:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыс бойынша ашық оқу қызметтерін жүргізсін.

3. Жазғы-сауықтыру іс-шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

4. Балалармен тәрбиешілердің біліктілік деңгейіне қанағаттанарлық баға берілсін .

5. Тәрбиеші К.Махаеваға 3(орта) деген баға берілсін.

6. Психолог А.Бекахметова қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы С.Әзімова.

Хатшы Г.Ганиева.

22.05.2020ж.